

Жәнібек ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 10 наурыздағы № 37 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 сәуірде № 4778 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 5 маусымдағы № 109 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 05.06.2019 № 109 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Жәнібек ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата - ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Жәнібек ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 сәуірдегі "2016 жылға Жәнібек ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" №70 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4427 тіркелген, 2016 жылғы 3 маусымда " Шұғыла" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Жәнібек ауданы әкімі аппаратының басшысы (Ж.Абдолов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Меңешовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н.Қарағойшин

2017 жылғы 10 наурыздағы
№37 аудан әкімдігінің
қаулысына қосымша

5	Жәнібек ауылы	Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "Балдәурен" сәби – балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	100	33183	33183	4152	4334
6	Тау ауылы	Балабақша "Қайрат" Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	38	40965	40965	3100	3264
7	Ұзынкөл ауылы	Балабақша "Ұзынкөл" Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	40	36523	36523	3100	3264
8	Жәнібек ауылы	Жәнібек ауданының білім беру бөлімінің "Жәнібек балалар бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	75	33555	33555	4152	4334
Мектеп жанындағы толық күндік балабақша (жергілікті бюджет)							
1	Жақсыбай ауылы	Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "М.Б. Ықсанов атындағы орта жалпы білім беретін мектеп – балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	30	24108	24108	3100	3264
		Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "Ғ.Сарбаев атындағы орта					

2	Талов ауылы	жалпы білім беретін мектеп-балабақша кешені " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	20	21548	21548	3100	3264
Ұлттық фонд							
1	Жәнібек ауылы	Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің " Алтын ұя" бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	290	19354	19354	4800	5000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК